



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№12
(2287)
Сәрсенбі
12 ақпан
2025 жыл

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте жаңадан тағайындалған аудан әкімінің орынбасарлары таныстырылды.

Бірыңғай конкурстық комиссияның қортындысы негізінде, Қазалы ауданы әкімінің өкімімен Әбсұлтанов Мұрат Байғабылұлы Қазалы ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Мұрат Байғабылұлы 1986 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Білім жоғары. 2008 жылы Көлік, көлік техникасы және технологиясы және 2014 жылы «Экономика» мамандықтарын меңгерген.

Еңбек жолын 2009 жылы Қазалы аудандық №5 кәсіптік лицейдің мұғалімі болып бастаған. 2013-2019 жылдары аралығында Қазалы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы, басшысының орынбасары, 2019-2024 жылдары Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала, құрылысы бөлімінің

басшысы, Қазалы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы және Әйтеке би кенті әкімі қызметін атқарған.

2024 жылдың мамыр айынан бастап Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы лауазымын абыроймен атқарып келді.

Сонымен қатар, аудан әкімінің өкімімен аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Алиев Жәнібек Алмасұлы – аудан әкімінің орынбасары лауазымын атқаратын болады.

Жәнібек Алмасұлы 1981 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының түлегі.

Еңбек жолын 2004 жылы Салық салу мемлекеттік мекемесінің маманы болып бастаған. 2009-2012 жылдары «Майлыбас» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің жетекші маманы, аудандық қаржы бөлімінің бас маманы.

2012-2024 жылдары аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің бас маманы, бас инспекторы, бөлім басшысы болған.

2024 жылдың шілде айынан бастап Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы лауазымын абыроймен атқарып келеді.

Мәжілісте аудан басшысы кадрлық өзгерістерге сәйкес аудан әкімі орынбасарларының міндеттер бөлінісі қайта бекітілгенін айтты.

Аудан әкімінің орынбасары Сүйеубаев Жалғас Оңғарұлы құрылыс, сәулет және қала құрылысы, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары, ветеринария салаларына жетекшілік етеді. Сонымен қатар, төтенше жағдайларды жою, жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс жұмыстарын үйлестіру, агроөнеркәсіп кешенін дамытуда мемлекеттік қолдау шараларын жүргізеді.

Аудан әкімінің орынбаса-

ры Алиев Жәнібек Алмасұлы денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, қоғамдық даму, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, туризмді дамыту, білім және жастар ісі мәселелеріне жетекшілік жасайтын болады. Бұдан бөлек, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, халықты жұмыспен қамтуды ұйымдастыру және аудандық сот, құқық қорғау органдарымен, әскери басқару және әскери құрылым органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Аудан әкімінің орынбасары Әбсұлтанов Мұрат Байғабылұлы экономика және қаржы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларына жетекшілік етіп, мемлекеттік кірістер, статистика және қазынашылық басқармаларымен жұмыс жасау, аудандағы мемлекеттік сатып алу саясатын жүргізетін болады.

Аудан басшысы жаңадан тағайындалған орынбасарларды құттықтап, жаңа қызметтеріне сәттілік тіледі.

ҚАЗАЛЫДА «КӨКТЕМ-2025» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалыда «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті.

Оқу-жаттығу барысында 2025 жылғы су тасқыны кезеңі жағдайларындағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күш-құралдарының дайындық барысы пысықталды.

Қазалы қаласында ұйымдастырылған оқу-жаттығу жұмыстарына Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Бекболат Әбдіқадыров, аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев, аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев, Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық, азаматтық қорғаныс



басқармасының Шұғыл жұмыстары орталығының директоры М.Сахитжан қатысып, ауданның азаматтық қорғау қызметтеріне, төтенше жағдай

қызметі күштеріне саптық қарау жұмысын жүргізді.

Оқу-жаттығу барысында Қазалы қаласының солтүстік беткейінде практикалық оқу-

жаттығу жұмыстары жүргізілді. Инженерлік, өртке қарсы қызметтері мен барлау тобының құрамалары қорғаныс бөгетті нығайту үшін құмды қапқа салып, бөгеу жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейінің №22 эвакуациялық жинау пункті мен Қазалы қаласыда орналасқан Қазалы аграрлы -техникалық колледжі №23 эвакуациялық қабылдау пункті тексерілді.

Сонымен бірге, инертті материалдар қорын қарап, тексерілді.

Оқу жаттығуға 127 бірлік техника, 441 адам жұмылдырылды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚАЙРАТКЕР. АЗАМАТ. ТАУ ТҰЛҒА.

Бердібек аға Сапарбаев.

Бұл кісі қазақ халқы үшін мақтанышпен айтатын тау тұлға.

Мен ағамен бір-екі рет кездесіп, телефонмен сөйлескенім болмаса көп араласқан жоқпын.

Бердібек аға 1995 жылы Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалған соң, Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келіп, ауданмен танысып, үлкен жиын өткізді. Сол жиында менің әкем – жазушы, публицист, газеттің редакторы Әлмәмбет Әлішев облыс әкіміне өзінің жақсы ұсыныстарын айтып, сөз сөйлейді. Жиналыстан соң Бердібек Машбекұлы әкеммен сөйлесіп, жиналыста айтқан ұсыныстары орынды екенін айтады.

Міне, сол сәттен бастап әкем мен Бердібек ағаның ағалық-інілік жолы басталады.

Көп ұзамай Бердібек Машбекұлы облыстың әр ауданынан өзіне қоғамдық негізде көмекшілерін тағайындап, менің әкемді Қазалы ауданы бойынша өзінің көмекшісі етіп алады.

Бердібек Машбекұлы айна-бір мәрте аудандардағы көмекшілерін жинап, ақылдасып, ол кісілердің ұсыныс-пікірлерін тыңдап, жұмысты әрі қарай жақсарту жөніндегі өзінің іс-қимылын айтады екен.

Ол кезең өте ауыр кезең еді, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болғандықтан халықтың жағдайы өте қиын болды. Мұғалімдер, дәрігерлер, бюджет саласының қызметкерлері жылдап жалақы алмаған. Айналдырған 3-4 айдың ішінде Бердібек Машбекұлы бюджет саласының қызметкерлеріне

қиыншылыққа қарамай жалақыларын алып береді. Экономикалық жағынан тұралап қалған облысты тығырықтан шығару өте қиынға соғады.

Папам сол кездегі Бердібек ағаның күні-түні облысты дамытуға істеген еңбегін аса мақтанышпен айтып отыратын еді.

-Бердібек інімдей елде он шақты жігіт болса, Қазақстан басқаша болар еді, балам – деп талай әкем айтып отырушы еді.

Сол аға-інілі сыйластық әкем дүниеден өткенше жалғасып тұрды.

Папам Бердібек Машбекұлы қай қызметке барса да ол кісіге тілекші болып отырды. Өз кезегінде Бердібек Машбекұлы әкем 60, 70, 75, 80 жылдық мерейтойларына құттықтауын жіберіп, ізгі ниетін білдіріп, інілік парызын ұмытқан емес.

2016 жылы жеке шаруамен Ақтөбе қаласына барғанымда, әкемнің тапсыруымен сол кездегі облыс әкімі Бердібек Машбекұлына сәлем беріп, кіріп шықтым.

Сонда Бердібек ағам маған:

-Ғазиз, әке деген асқар тау айналайын, мен Әлекең ағамды ерекше сыйлаймын, құрметтеймін. Ондай шын тілекші ағалар азаймаса енді көбеймейді. Сондықтан ондай әкең барына мақтануың керек. Әлекеңмен бірге жұмыс істейді екенсің, ол кісіден көп нәрсені алып қал, өміріңе азық болады – деген болатын.

Сол қабылдауда мен ол кісінің ең бастысы кішіпейілдігін, имандылығын, қарапайымдылығын көріп тәнті болдым. Сол күн аптаның сенбі күні болатын, қабылдауында

оншақты адам бар екен, көмекшісі келіп Қазалыдан келген Ғазиз Әліш бірінші кірсін деп жатыр бастық дегенде, төбем көкке жеткендей болды.

Одан соң да көпшілік шараларда Бердібек ағаны көріп, адамдармен амандасқанда кішіпейілдігіне риза болдым. Сәл ғана жымиған күлкісінің, мейірімге толы көздерінің өзі неге тұрады десейші?!

Кезінде әкем Бердібек Машбекұлы жөнінде «Реформатор басшы» деп кең көлемді мақала жазған болатын.

Ол мақала 2000-шы жылдардың басында газетке жарияланды.

Кейін әкем қайтыс болған соң, одан соң бір жылдан кейін анам өмірден өткен соң, Бердібек ағаммен телефон арқылы сөйлесіп тұрдым. Өзінің көңіл қосын білдіріп, үйдегі іні-қарындасарым қалай, айналайын деп сұрап тұратын.

Бердібек ағам зейнетке шыққан соң да ол кісімен байланыс үзілген жоқ.

Ағамыз туралы жазу өте қиын. Иә, ол кісі осы өмірде болғанда 72 жасқа толар еді...

Амал жоқ, Аллаға да жақсы адамдар керек деп өзімізді жұбатамыз.

Елге, қазақ халқына адал қызмет атқарған қайраткерді, азаматты, тау тұлғаны еске алып қана осылай көңілімізді білдіреміз.

Совет Өкіметі кезінде жоғары лауазымды қызмет атқарған азаматтарды «Аса көрнекті мемлекет және қоғам



қайраткері» деп атайтын.

Бердібек Машбекұлы да өзінің маңдай тер, табан етімен қызметтің барлық сатысынан өтіп, Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған тұлға.

Ағамның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жайы пейіштің төрі болсын!

Бердібек аға қайтыс болғаннан кейін баспасөзде бір ағамыз бұл кісіге «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын өмірден өтсе де беру керек деп ұсыныс айтқан болатын. Сол ұсынысты мен де қолдаймын.

Бұл азаматқа қандай құрмет көрсетілсе де артық болмайды.

Алла алдынан жарылқасын!

Ғазиз ӘЛІШ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
ҚР Ақпарат саласының
үздігі

МЕНИНГОКОККТЫ ИНФЕКЦИЯ ЖАЙЛЫ

Менингококкты инфекция - жедел респираторлы бактериалды қоздырғышы ауа-тамшы механизмімен берілетін, мұрын-жұтқыншақ кілегей қабатының зақымдалуымен, жұмсақ ми қабығының қабынуымен, септицемиямен, аурудың симптомсыз түрінен бастап, іріңді менингококкты сепсиске дейінгі клиникалық түрлерімен сипатталатын жұқпалы ауру.

Инфекцияны адам ғана жұқтыра алады. Ауру науқастан немесе бактерия тасымалдаушыдан сау адамға ауа-тамшы жолымен түшкіргенде, жөтелгенде, сөйлегенде беріледі. Аурудың таралуына жақын қарым-қатынаста болу, адамдардың тығыз орналасуы, жоғары ылғалдылық және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы әсер етеді. Ауру көбіне қыс, көктем маусымдарында тіркеледі.

Менингококк инфекциясының жасырын кезеңі 2-10 күнге, көбіне 5-7

күнге созылады.

Менингит ауруы жедел басталады. Сау жүрген адамда кенеттен жан шыдатпайтын қалтырау пайда болып, дене қызуы 39 – 40 градусқа дейін көтеріледі. Ауру жалпы әлсіздікпен, көз алмасының ауырсынуымен, маңдай, самай, сирегірек шүйде аймақтарының ауырсынуымен сипатталады. Ауру біртіндеп күшейе бастайды. Басының ауырғаны күшейіп, анальгетиктерге басылмайды. Науқастың жағдайы күрт төмендеп, ақыл есі бұзыла бастайды. 10-14 сағаттың ішінде аяқ-қолдарының терісіне жұлдызша тәрізді геморрагиялық бөртпелер шығады. Ауыр түрінде геморрагиялық элемент өте үлкен ортасында некроз болады. Көз склерасында, мұрын жұтқыншақтың кілегей қабатына қан құйылулары байқалады. Мұрыннан, асқазаннан, жаттырдан қан кету болады. Науқасты қараған кезде менингит жағдайына тән қалыпта болады:

басын шалқайтып, бүйірінен жатады, аяқтарын тізе және жамбас буындарында бүгіп, бауырына тартып алады. Осы сәтте қалтырау, қолының дірілдеуі күшейеді, көзінің қитарлануы, еріксіз жыпылықтау белгілері болады.

Қазіргі емдеу жағдайында ауру көп ретте жақсы аяқталады. Менингококк инфекциясын емдеу кешенді түрде аурудың ағымын, ауырлық дәрежесін, науқастың жас шамасын және оның ауруханаға түскен уақытын ескере отырып жүргізіледі. Науқасты емдеуде жақсы күтім, күн тәртібі, толыққанды тамақтану, симптоматикалық ем үлкен рөл атқарады. Емдеу дер кезінде басталған жағдайда аурудан толығымен айығып кетуге болады.

Аурумен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық тексерістен өтеді.

Аурудың алдын алу шаралары:

- Санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтап, ме-

нингококк инфекциясы бар науқастарды ерте анықтап, тек аурухана жағдайында емдеу;

- Ұжымдарда, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар ұжымдарында санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтау;

- Бөлмені жиі желдету, ылғалды өңдеу, бактерициттік шам қолдану;

- Ауруға шалдығу деңгейінің артуы байқалғанда бағытталған санитарлық ағарту жұмыстарын жас балалардың аналарымен, жасөспірімдермен, балалар ұжымдарының күтушілерімен, тәрбиешілерімен өткізу;

- Аурудың мезгілдік көбею кезеңінде балалардың жабық мекен-жайда көп жиналмауын, жалпы гигиеналық ережелерді қатаң сақтауды қадағалау.

Саракүл ШҮКІРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасы бас маманы

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ ОРАЗА АЙЫ



Мейірімді де, Рахымды Алланың атымен бастаймын.

Он сегіз мың ғаламның жаратушысы, құдіреті күшті Алла Тағала пендесінің мойнына бес парызды жүктеген. Сол парыздың бірі – ораза ұстау.

Құран кәрімде: «Рамазан-адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Кімде-кім науқас болып, әйтпесе, жол сапарда жүрсе онда басқа күндерде өтесін. Аллаһ сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді» - дейді. (Бақара сүресі 2/185)

Рамазан айы – Аллаһ Тағаланың ерекше ықыласы түскен, шарапаты мол, ізгі ниетті іске сауабы көп, жыл он екі айдың ең қадірлісі. Исі мұсылман қадір тұтатын қасиетті Құранның алғашқы аяттары да Алла тарапынан рамазан айында түсіріле бастаған.

Ораза ұстаған адамда Алладан қорқу, нәпсіні тізгіндеп, жүректі тазартады. Жүректе Алла Тағалаға деген сүйіспеншіліктен басқаға орын қалмайды. Ораза ұстаушының күнелары кешіріліп, сабырлылығы мен кешірімділігі артады.

Аштықты басынан өткізген адам кедейлер мен кембағал жандарға жақсылық істеу керектігін жүрегімен сезініп, түсінеді. «Оразаны біле тұра әдейі бір нәрсені ішіп-жеп, жыныстық қатынас жасау, әдейілеп құсу бұзады» делінген. Егер адам ораза ұстап жүргенін ұмытып кетіп, аузына ас салса, түтін, шаң, қар түйіршіктері мен жаңбыр тамшылары сияқты басқа да жеуге жарамайтын, ауаға тез таралып кететін нәрселерді еріксіз иіскеу немесе ішке тарту, көзге сүрме жағу, хош иісті, гүл мен өтірлерді иіскеу оразаға зиянын тигізбейді.

Қан алдыру, сүлік салдыру, тіс жұлдыру (ауыздағы қан немесе дәрі тамақтан өтіп кетпеуі тиіс), құлаққа және көзге дәрі тамызу, құлаққа су кіру де оразаны бұза алмайды.

Аяғы ауыр әйелдер, жазылмайтын дертке ұшырағандар мен денсаулығы жарамайтын адамдар ауыз бекітпей-ақ, ораза ұстауға міндетті әрбір күні үшін пітір садақа беруге болады.

Аллаһ Тағала бұл туралы: «Ораза ұстауға шамасы келмейтіндер бір жарлының тамағын төлесін» дейді (Бақара сүресі 2/184)

Оразада таңертең күнде ниет ету және ұйқандан оянып, сәресіні ішу – сауап. Мұхаммед Пайғамбар

(с.ғ.с.) хадисінде: «Сәресі тамағы – береке, бір жұтым су да болса, оны тастамаңдар. Өйткені Аллаһ сәресіде тамақтанғандарға рахымдылық етіп, періштелері де олар үшін кешірім тілейді» деген.

Мұхаммед пайғамбар: (с.ғ.с.) «Рамазан келгенде жәннат есіктері ашылып, дозақ есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді», «Шынында жәннатта бір есік бар, ол-

«Раийан» деп аталады.

Ол есіктен жәннатқа тек ораза ұстаушылар ғана кіреді. Ораза ұстандар, денсаулықтарың мықты болады. Ораза төзімнің жартысы, төзім дініміздің жартысы. Рамазан айының алғашқы он күні – мейірім, ортасы – күнелардан арылу, соңы – тозақ отынан құтылу».

«Ораза сіздің қорғаушыңыз». Исламның бес шарты бар. Олар: «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі» - деп куәлік ету, құлшылық қылу, зекет беру, қағбаға барып қажылықты орындау және рамазанда ораза тұту.

Пітір-садақасы жылына бір рет берілетін табыстың кішкене ғана бөлігі. Пітір садақасы оразаның қабыл болуына, қабыр азабынан аман болуға себепті. Пітір садақасын ораза айының ішінде берілгені абзал.

Тұрмысы төмен кісілер өтей алмаған әрбір күніне фидия төлемесе де болады. Алла Тағала пендесіне қиыншылық болуын қаламайды.

Ораза тұтқан кісі күн батқаннан кейін, яғни ақшам намазының Азаны айтылу бойына тез ауыз ашу сауап. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ораза тұтқан кісі тапса, аузын құрмамен ашсын, болмаса таза сумен ашсын» деген. Яғни отқа пісірілмеген тағам не сумен, жеміспен ашқан абзал.

Ораза – ауыз бекіткен жанға қиямет күні шапағат етеді. Сол күні ораза Хақ Тағалаға «Уа раббым!» Мен оны күндізгі барша ішіп-жеу, ләззат атаулыдан тыйдым. Сол себепті, маған деген шапағатыңды қабыл ала гөр!» деп тілек тілейді. Аллаһ тағала оразаның бұл тілегін қабыл алып, оның шапағат етуіне рұқсат етеді.

Ескерту:

1.Қасиетті Рамазан айы осы жылғы наурыз айының 1-ші жұлдызынан басталады деп күтілуде.

2.Қадір түні оразаның 26-сы 27-іне қараған түнінде өтеді.

3.Тарауых намазы құптан намазы уақытымен оқылады.

Ораза айт намазының оқылу уақытын, пітір садақа мөлшерін, ораза кестесін ҚМДБ-ның пәтуасы келу бойына яғни жақын күндері жариялайтын боламыз.

Құрметті Мұсылман қауым!

Алдакележатқан оразаларыңыз қабыл болсын!

Рамазан айы баршаңызға құтты, күллі Ислам әлеміне қайырлы, берекелі болғай!

Нұрдаулет НӘБИ,
Аудандық орталық
«Жанқожа батыр»
мешітінің бас имамы

КӨЛІК ЖӨНДЕУДІ КӘСІП ЕТКЕН
РОЗЫМҰРАТ

2024 жылдың 25 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті «Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру мақсатында «2025 жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялау» туралы Жарлыққа қол қойды. Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.» - деп айтқан болатын.

Қазіргі заманда жұмысшы мамандықтары иелерінің еңбегі зор.

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі 75 жылдық тарихы бар, еліміздің индустриясы мен экономикасына жұмысшы кадрлары мен орта буын мамандарын даярлап отырған іргелі оқу орны. Колледж 20 мамандық 40 біліктілік бойынша мамандар даярлайды. Колледжді бітірген түлектер еліміздің экономикасын дамытуда мамандықтары бойынша жұмысқа орналасып, кәсіпкерлікпен де айналысуда.

Қазалы ауданында көлік жөндеу орталығын ашып, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп отырған автокөлік шебері – Мұртаза Розымұрат Сапарқұлұлы. 1999 жылдың 30 желтоқсанында Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде дүниеге келген. Жастайынан көлік жөндейтін әкесі Сапарқұлдың ісіне қарап, түрлі көліктерге қызығушылығы артқан Розымұрат 2015 жылы Қазалы аграрлы – техникалық колледжіне оқуға түсіп, аталған оқу орнын 2018 жылы «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Колледж қабырғасында білім алып жүріп, Қызылорда облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «WorldSkills Kazakhstan» Ұлттық Чемпионатының ұлтыстық кезеңіне «Жеңіл автомобильдерді жөндеу

және қызмет көрсету» құзыреттілігі бойынша қатысып, бірінші орынды иеленсе, Қызылорда, Тараз, Оңтүстік Қазақстан облыстары арасындағы «WorldSkills Kazakhstan» Ұлттық Чемпионатының аймақтық кезеңінде де бірінші орынды иеленді. Осы жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі KEAҚ ұйымдастырумен «WorldSkills Kazakhstan 2018» Ұлттық чемпионатының республикалық кезеңіне қатысып, жүлдегер атанды.

Колледжді тәмамдап, әкесінің жанында 6 ай мамандығы бойынша автокөлік жөндеп, мамандығы бойынша еңбекке араласқан Розымұрат 2019 жылдың көктемінде Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге аттанып, 2020 жылы әскерден оралып, бірден өзінің сүйікті ісіне кірісіп кетті. 2020 жылдың жазында «Мұртаза Розымұрат» ЖК ашып, осы уақытқа дейін кәсібін дөңгелетіп отыр. Үйінің ауласындағы авто-сервис орталығында машина жуу, шиномонтаж, шина жөндеу жұмыстарымен, автобөлшектер мен автокөлік акссесуарларын тапсырыс бойынша жеткізіп беру қызметтерін көрсетеді. Ала таңнан Розымұратты іздеп келетін тұтынушылардың қарасы қалың. Уақытпен санаспай, халықтың ойынан шығатын еңбегі үшін елге сыйлы. Розымұраттың әкесі Сұлтанқұл аға «Баламның өзінің қалаған мамандығын алуына сапалы білім, саналы тәрбие берген Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің ұжымына алғысым шексіз», - десе, өзінің кәсібі туралы Розымұрат: «Колледжді бітіріп, әскери борышымды өтеп келген соң, бала кезден арманым болған көлік жөндеу орталығын ашуға ниет еттім. Ата-анам талабыма қолдау білдіріп, кәсіппен айналысуыма тікелей мұрындық болды. Бұл отбасылық кәсібіміз. Өзім оқыған колледжді бітірген 5 түлекті жұмыспен қамтып отырмын. Алдағы уақытта жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетіліп, мемлекет тарапынан төмендетілген пайызбен несие берсе, кәсібімнің ауқымын кеңейте беремін» - дейді.

Бізде талабы таудай Розымұраттың жоққа мойымай, тек алдағы күннен жақсылықты күтетін, мамандығы мен ісіне деген сүйіспеншілігіне риза болдық. Кәсібіңнен береке тауып, табысқа кенеле бер, Розымұрат! Армандарың орындалсын!

Шарбану БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары

БЕКЕТАЙ БИ

Орыстарға қызмет атқарған атамыз қазақтың мүддесін бірінші кезекке қойғанын ауызекі аңыз әңгімелерден жақсы білеміз. Тіпті ескіден келе жатқан есті сөзді құймақұлақ, көкірегі алтын сандық ауыл қарттарының уәлі ауыздарынан талай есіткенбіз.

«Алты Асанды құтыртқан Қотанкөлдiң арпасы, Айдарбектi құтыртқан Бекетайдың арқасы», - деп айтылатын сөздері бар. Кезінде Бекетай атамиз жөнiнде тиiстi орындар тарапынан «Ескiлiктi жақтаушы», «Патша қызметкерi» деген әртүрлi ұшқыры пікірлер айтылды. Мұның салдары көп уақыт бойы Бекетайдың өмірі мен халқына жасаған қамқорлығы жөнiнде, оның кiсiлiгi жөнiнде бiлгiсi келгендердiң жолына кесе көлденең тұрып келгенi мәлiм.

170 жылға жуық уақыт бұрын өмір сүріп, аты аңызға айналған, айналасына беделдi, жұртының сойылын соққан осынау кiсi жөнiнде әуелi аузы дуалы ақсақалдар сұрау салған. Арал ауданы, «Бөген» аулының тұрғыны, тоқсаннан асып бүгiн марқұм болған, журналист Насырадин Жолаев ақсақалмен жолығып, сұхбаттасқаннан кейiн ол туралы хабарымыз молыға түскен едi.

Насырадин ақсақал ол туралы әңгімелегенде:

-Мынау жер ана да үстiндегi жетi қат аспанда баяғы қалпы. Тек аспан мен жер ортасында уақыт желiсi аласұра соғады. Дүниеге тағы да жаңа, жас өскен ұрпақ келедi. Әр ұрпақтың пешенесiне жазылған тағдыр талайы бар. Бiрi жаугершiлiк тұсында жапан далада атамекенi, дiнi мен тiлi

үшiн арпалысса, ендi бiрiнiң тұсында ел-жұрты мамыражай тыныштық бейбiт өмiр сүрген.

Ендi Бекетай биге келетiн болсақ, кiшi жүздiң Әлiм аталығынан Әйдарбек тайпасы, оның iшiнде Күлiктiң Жаманкөз руынан шыққан. Ата қонысы-Арал ауданындағы қазiргi «Аққұлақ» елдi мекенi. Әкесi Жанкениң Қатпасы ел iшiнде беделдi, сөзi тiзгiнiн ұстаған салмақты кiсi болыпты. Оның үстiне дәулеттi абыройлы кiсi, Бекетайды жастайынан адалдыққа, имандылыққа, кiшiпейiлдiлiк - кiсiлiкке тәрбиелеген. Кейiн Бекетай ат жалын тартып мiнер тұста сол кездегi Қазалы фортындағы мешiтте сауатын ашады. Мұнан кейiн он бес, он алтысындағы бозбала шағында Бекмырза ханға хатшы болады. Ежелден еркiндiкте өмiр сүрген Солтүстiк Арал бойындағы жергiлiктi ру тайпалары сол тұста Қазалы фортының iргесiн қалауға келген патшалық Ресейдiң әскери-экспедициясына қарсы шыққан едi. Бұл көтерiлiстi Жанқожа батыр басқарған. Бiрақ жергiлiктi жасақтың қолындағы айбалта мен көк сүңгi қаруланған олардың мылтықтарымен пушкарларына қарсы тұра алмай жеңiлiске ұшырайды.

Бекмырза хан соғыста қайтыс болады. Ақыры хандық тарап, қол астындағы жұрт тұс-тұсқа тарап кетедi. Бекетай да орыстардан қашып жүрiп атамекенi «Аққұлаққа» барады. Орыстар көзi ашық, өзi сауатты, екi тiлде сөйлеп,

жаза билетiн адам iздеп форттағы үш-төрт адамның көземелдеуiмен Бекетай аулына келедi. Олар Бекетайға «Қазалы форты ендiгi жерде орыс патшалығының қолында, сондықтан фортта уез бастығы сайланады. Сен соған көмекшi боласың», - дейдi. Көнбеске амалы жоқ, қастарында қаруланған жасақтары бар, сонымен келiсiмiн бередi.

Сүйтiп, Жетес би, Үмбет би және белгiлi екi адаммен бiрге Қазалыға келедi. Бекетай қасындағы би жолдастарымен ойласа келе, үлкен билiктi халқы үшiн пайдалануға тырысады.

Қазалы фортында бекiнген орыстар бiрер жылдан соң, яғни 1874 жылы Райым бекiнiсiн салып, жергiлiктi тұрғындардың апшысын қуырып озбырлығын жүргiзе бастайды. Құнарлы жерлердiң көбiсiн күшпен тартып алып, оны әскери экспедиция жасақтарымен ерiп келген казак-орыстарға үлестерiн берiп отырған. Сол уақытта Шектi, Шөмекей, Төртқара руларының бiрсыпыра үйлерi атамекендерiнен ауып, қызылдың қиясына көшуге мәжбүр болады. Бұл тұста Қазалы уездi бастығының көмекшiсi Бекетай Қатпаұлы орыстардың озбырлығын айтып, бiрнеше рет уез бастығына шағымданған. Сөйтiп озбырлық көрсеткен солақай саясаттың салдарынан көшi-қон қамына кiрiскен бiр сыпыра көштi тоқтатқан көрiнедi. Кезiнде Арал, Қазалы өңiрiндегi жер дауы, жесiр дауы сияқты талай даулы мәселелердi Жетес,

Үмбет билермен бiрге қолма-қол, көзбе-көз шешкен, бiр ауыз сөзi бүкiл елге азық болған Жетес, Үмбет билердiң асыл сөздерi кейiнгi ұрпаққа жеткенiн бiлемiз.

Бекетай атамиз шамамен 1825-1826 жылдары дүниеге келген. Ал Жетес би 1824 жылы дүниеге келген. Сонда Бекетай би Жетес биден 2 жас кiшi болады.

Бекетай би ел аралап жүргендерiнде 1880 жылдары болса керек. Бiр үйге су сұрауға ат басын бұрады. Үй иесi әлдекiмдердiң арам ниеттерiнiң көземелдеуiмен сусынға күшала уын қосып бередi. Осылайша аяқ астынан қайтыс болады. (Ауылдарына жетпей, жолда) Сол кезде жасы 54-те болса керек. Қастық ойлағандар жаза-сыз қалмайды. Олар жұртынан көшiп кетсе де, жазаланады.

Арал, Қазалы жұртының арасында аңызға айналған осынау адамның артында қалған үрiм-бұтағы Бекетай атамиздың үлкен қызы, ауыл-аймаққа беделдi Ақжарқын апамыз әкесiнiң басына күмбездi үй салдырып, ол үй там «Аққұлақ» елдi мекенiнiң жанындағы жарма жағасында тұр.

Бекетай атамиздың төрт ұлы, екi қызы болыпты. Заманында халқы үшiн патшалық Ресейдiң беделдi билiгiне атсалысқанымен, ел-жұртының мұң-мұқтажын, тұрмыс-тiршiлiгiн қорғап өткен Бекетай атамиз жөнiнде әйгiлi Базар жырау; Адалдап жарлыларға қайыр берiп, жарқылдап өте шықты «Бекетай би», - деп жырлаған екен.

**Дайындаған
Жеткербай МАХАМБЕТ**

ҚОРҚОРДЫҢ (КАЛЬЯН) АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН ЗИЯНЫ

Қорқор (кальян) дегеніміз темекі сияқты табакты тартуға арналған құрал. Қорқор парсы тілінен аударғанда жұтатын түтінді сүзгіден өткізетін және салқындатып отыратын, шегуге арналған құрал дегенді білдіреді.

Кальян шегу, темекі сияқты, жүрек, өкпе, орталық жүйке жүйесіне зақым келтіретін күшті никотинге тәуелділікті тудыруы мүмкін екенің денсаулық сақтау мамандары ескертеді. Қазіргі таңда көптеген адамдар қорқорды көңіл көтерудің жақсы жолы деп біледі. Алайда бұлайша көңіл көтерудің қаншалықты зиянды екенінен бейхабар. Қорқор зиянсыз, оның денсаулыққа тигізер кері әсері жоқ деп тұрады. Шындығына келер болсақ, табактың қандай түрін алып қарасақ та олардың барлығында жүйкені ұлайтын никотин болады. Никотин шегетін ағзаның қалауын толық қанағаттандыру үшін, адамға 20-80 минут қорқор тартуға тура келеді. Бір сағат қорқор тартқан адам, бір темекі тартқан кездегіден 100-200 есе артық түтін жұтады. Сондай-ақ оның өкпесіне, никотин мен зиянды заттардың аз болғанына қарамастан, тұншықтырғыш газ

көп мөлшерде түседі. 45 минут бойы қорқор шеккен адам тұншықтырғыш газды, бір қорап шылым тартқан адамнан көбірек жұтады. Оны тарту кезінде көбірек күш жұмсауға тура келгендіктен, түтін өкпенің терең тұстарына кіріп кетеді екен. Қорқордың құрамында никотиннен басқа, адамның геніне кері әсер ететін бензопирен деген улы зат бар. Бензопирен – адам ағзасында қатерлі ісіктің пайда болуына ықпал етеді.

Әдетте қорқорды бірнеше адам болып тартады, яғни қорқордың мундштук деп аталатын сору түтігін бірнеше адам пайдаланады. Гигиеналық тұрғыдан бұл өте зиянды. Түтікше арқылы сілекей ағзаға енеді де, герпес, В гепатиті, герпес, және басқа да қауіпті ауруларды жұқтыру қаупі бар. Қорқордың денсаулыққа зияны жоқ, оны сулы сүзгіші түтіннің токсиндерін тазартады деп алданбау керек! Қорқор - бұл улардың, қарамайдың (смола) канцерогендер мен бактериялардың өте зиянды қоспаларын адам ағзасына тез жеткізетін «сәнді» аппарат. Қорқор тартушының ағзасында улы иісті газ ауқымды көлемде оттегі тапшылығын

туындатып, шылым шегуші адамдікі сияқты мидың, жүректің, бауыр мен бүйректің жасушаларын зақымдайды. Қорқор түтіні қорқор тартушының қанына канцерогенді (обырды тудыратын заттар) өкпе тінін зақымдайтын ұшпалы альдегидтерді тікелей «жеткізеді». Ал қорқоршыға кальян түтіні хош иісті және өте жұмсақ болып көрінеді, бірақ өкпеге енген кезде ол тіндерді қатты тітіркендіреді, қабыну ошақтарын тудырады, бұл кейіннен созылмалы бронхитке, жергілікті және жалпы иммунитеттің төмендеуіне әкеледі. Көбінесе, кальян шегушілер көз проблемаларына шағымданады, адамның көздері суланады, қышиды, ауырады, жылтылдау сезімі пайда болады, көру өткірлігі де төмендейді.

Есіңізде болсын! Улану баяу жүреді және бірден сезілмейді. Өз денсаулығыңызды және айналаңыздағы адамдардың денсаулығын қорғаңыз! Сондықтан салауатты өмір салтын ұстанайық!

**Жансая ЗИНЕЛАБДИН,
Қазалы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы**

**Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.